

Жас дарын

Қараша
2011 жыл
I тоқсан

*Көтереді баланы оның биік талабы,
Көтереді Жас Дарынды оның мықты қанаты.*



*Мектеп директорының
құттықтау сөзі* 1-бет
Мектеп өмірінен 2-3-бет
Денсаулық күні 4-бет
Жас зерттеушілер 5-бет

Жас қалам 6-7-бет
Құттықтау рубрикасы 8-бет
Ойлан, тап! 9-10-бет
Езу тартар 11-бет



Мектеп директорының жаңа оқу жылындағы құттықтау сөзі

Қымбатты «Жас дарын» мектебінің оқушылары, ұстаздары!

Қадірменді ата-аналар, қонақтар!

Сіздерді 2011-2012-ші жаңа оқу жылының басталуымен және Тәуелсіздіктің 20 жылдығымен қатар келген биылғы дәстүрлі Білім күнімен құттықтаймын.

Мектеп-қашан болмасын, халықтың ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқан адамгершілік ізгі қасиеттерін, білімді, рухани құндылықтарды жас жеткіншек бойына сіңіретін орта.

Павлодар қаласының дарынды балаларға арналған «Жас дарын» мектебі оқушылары мен мұғалімдерінің ерен еңбегінің арқасында Павлодар облысы бойынша білім беру сапасының көшбасшыларының бірі, оған дәлел Павлодар облысы әкімінің Бақытжан Әбдірұлы Сағынтаевтің биыл мектепке тапсырған дипломы. Мектеп бірыңғай тестілеу нәтижесінде облыста бірінші орында болса, ал республикада 115,5 ұпай көрсеткішіне қол жеткізіп, 5 үздік мектептер қатарына енді. өткен жылы мектеп оқушылары облыстық пән олимпиадасында 26, республикада -5, халықаралық білім додаларында -9 жүлделі орындарға ие болса, жақын арада, осы жазда мектебіміздің 9-сынып оқушысы Бекжанов Әлібек республикалық іріктеу турының жеңімпазы атанып, қыркүйек айында өтетін астрофизика пәні бойынша халықаралық олимпиадаға жолдама алды.

Биылғы жыл мектебіміз үшін қуанышты жыл, өйткені алғашқы рет мектеп 5-сынып оқушыларын қабылдады, жаңа қосылған шәкірттерімізге денсаулық, табыс, үздік оқу тілейміз.

Жаңа оқу жылында, еліміздің болашағы, жас ұрпаққа, саналы тәрбие, сапалы білім беру жолында аяулы ұстаздарға шығармашылық табыс, рухани өрлеу тілеймін. Құрметті ата-аналар! Балаларыңызға артқан сенімдеріңіз орындалсын.

Қыбатты оқушылар, жаңа оқу жылы сіздерге жаңа білім, жаңа табыс әкелсін, дендерің сау болып білім шыңына жетіндер. Жаңа оқу жылы құтты болсын!

Мектеп директоры С.Т. Хасанова



Сыңғырла, қоңырау, сыңғырла!



Жаздың үш айы көзді ашып жұмғанша өте шықты. Ерекше көңіл - күймен Алтын ұя мектебімізге асығып, сынып жетекшілерімізге гүл шоқтарымызды табыс етіп, сыныптастарымызбен кездесіп, көптен күткен сағынышымызбен бөлістік. Мектеп іші мен сырты оқушыларға, ұстаздар мен ата-аналарға толы. Мектебімізде биыл 5-сынып оқушылары қабылданып, алғаш рет «Жас дарын» мектебінің табалдырығын аттады. Ата-аналарда жайдарлы көңілмен жайғасып, оқушылармен бірге алғашқы қоңырауды тамашалады. Мектеп дәстүрі бойынша қоңырау соғу мәртебесіне жазғы демалыс кезінде әртүрлі сайыстардан жүлделі орын алған оқушылар иеленді.

Алғашқы білім күні барлық сыныптарда «Тәуелсіз Қазақстан. Бейбітшілік, келісім және жасампаздыққа 20 жыл» атты сынып сағаттары өткізілді. «Тәуелсіздік таңы» атты тақырыпта оқушылардың суреттері көрмеге қойылды. Кітапханада «Ел тәуелсіздігі: кеше және бүгін» деген тақырыппен кітап көрмесі ұйымдастырылды.



Жас жеткіншек бойында Отанға және туған елге деген сүйіспеншілік пен мақтаныш сезімін қалыптастыру, Елбасының қоғамдағы орнын түсіндіру және халқымыздың рухын, ұлттық салт-санасын, қаһармандығы мен даналығын, болашаққа үмітін, арман-тілегін жеткізетін ерекше құнды белгілерін жеткізу мақсатында сыныптарда тақырыптық сынып сағаттары ойдағыдай өтті. Жалпы «Білім күні» жоғары көңілмен өтті деуге болады.

Қарттарым, аман сау жүрші

Қыркүйектің жиырма тоғызы 5 «а», «ә» және 7 «ә», 7 «б»-сыныптары 1 қазан қарттар күніне байланысты қаланың 5-мөлтекауданы бойынша бекітілген қарттардың үйіне гүл шоқтарын және азық-түлік себетін алып, мерекелерімен құттықтап келді. Олар: Баймұхаметов Сату Мұхамеджанович, Бортников Иван Степанович, Говалло Алексей Александрович, Елубаева Қантай Елубайқызы. Аталған ардагерлер баларға ризашылықтарын білдіріп, алғыстарын айтып жатты. Сонымен қатар мектеп ұжымында жұмыс істеп жүрген ардагер ұстаздарды да мектеп директоры Сауле Төлегенқызы құттықтап, кәсіподақ атынан сыйлықтар табыс етілді.

Бар ізгілік бір өзіңнен тарайды

Мұғалімдер күніне орай қыркүйек айының 30-ы мектептің «Ақорда» залында 10-сыныптардың ұйымдастыруымен және сынып жетекшілері Қоставлетова А. Б., Сумбаева А. Қ. Оқушылармен бірге ұстаздарға арналған мерекелік концерт өткізді. Концерт өте жоғарғы деңгейде жүргізілді. Онда мұғалімдер ақ кемеге отырып түрлі аралдарға саяхатқа шығып, қызықты ойындар ойнады. «Оқушы көзімен біркүн» атты филімді тамашалады. 11-сыныптардың оқушылары ұстаздар ұжымын құттықтады.

9-сынып оқушылары мен сынып жетекшілері Карипжанова А. З., Рахимжанова А. С. ұйымдастыруымен «Болашақ мектебінің бір күні» атты өзін-өзі басқару күні өтті. Сонымен қатар оқушылар мұғалімдерге арналған қызықты спорттық эстафета сайысы жүргізілді. Оқушылар өте жоғарғы деңгейде ұйымдастырғандықтан аталған күн өз деңгейде өткізілді. Сынып жетекшілермен әр сыныпта тақырыптық сынып сағаттары Қазақстан Республикасының 20 жылдығына арналды.

Абдрахманова Әнел 10 «ә» сынып оқушысы



Дәстүр жалғастығы

Оқушыларды экономикалық тәрбиеге баулу, қазіргі нарықтық заманға оларды бейімдеу мақсатында қазан айының 15 жұлдызында мектеп әкімшілігінің ұйымдастыруымен және ата-аналар комитетінің қолдауымен мектеп қабырғасында «Экономикалық компания» атты іс шара өтті. Бұл іс-шараға бүкіл сыныптар белсенді қатысты, сонымен қатар әр сынып өздерінің өнімдерін сатуға арналған арнайы бекітілген жерлерінде өткізді. Іс –шара салтанатты ләнейкадан өз бастауын алып онда мектеп директоры Хасанова Сауле Төлегенқызы барлық сыныптардың бастамасына сәттілік тілеп, өзінің жылы лебізін білдірді. Жалпы мектептің ата-аналар комитетінің төрайымы Сембаева Сұлушаш Хабиболлақызы да оқушылар мен сынып жетекшілерге экономикалық компанияның өтуіне сәттілік тіледі. Сонымен қатар, экономикалық компанияның барысында ең үздік саудаға бейім сынып наминациясы тағайындау, оны анықтау үшін арнайы әділқазы мүшелері тағайындалған: Гүлнәр Рашадбекқызы, Сембаева Сұлушаш Хабиболлақызы және комиссияның төрайымы Сәуле Төлегенқызы.

Іс-шараның барысында алғаш рет қатысып отырған 5-сыныптардың белсенділігін ерекше атап өтуге болады. 7-сыныптар арасында сауда орталықтарын ерекше безендіруімен көзге түскен «Балғындар базары» атты дүкен ұйымдастырған 7 «б» сыныбы. Сондай-ақ 8-ші кабинетте кинотеатр ұйымдастырған 9 «а» сыныбы көзге түсті. Жалпы компанияның барысында әр бір сынып өзіндік ерекшелігімен айқындалды.

Омарова Нүргүл 6 «а» сынып оқушысы

Денсаулық фестивалі-2011

Мектебіміздің бағытының бірі-салауатты өмір салтын насихаттау, оқушылардың денсаулықтарына деген көзқарастарын және өзінің өмір салтын құндылық ретінде қабылдауын қалыптастыру мақсатында 2011 жылдың 4 қыркүйегінде мектеп оқушылары табиғат аясына демалысқа шықты.



«Денсаулық күні» барысында сыныптар арасында «Дастархан мәзірі», топтың өздерін қорғау тақырыбында байқаулар өткізілді. Сынып оқушылары аталған шараға жақсы дайындалғаны көрініп тұрды. Әр оқушы денсаулық тақырыбына түрлі өлеңдер оқып көкеністің пайдасы жайлы тамаша пікірлер білдірді. Оқушылар газеттер шығарып, көкеністерден түрлі мүсіндер жасаған. Әр сынып өздерінің дастархандарын жоғары деңгейде қорғап шықты. Аталған іс-шара толық талданып, әділ қазылар алқасының шешімі бойынша әрбір сыныптың өзіндік ерекшеліктеріне орай барлығына номинациялар берілді. Табиғат аясында өткізілген спорттық іс-шараларға ата-аналар мен оқушылар белсене қатысты. Жарыстар қызықты, көңілді өтті деп

айтуға болады. Осы күні әрбір оқушы үйлеріне ерекше әсермен қайтты.



Халықаралық ғылыми жобалар сайысының жеңімпаздары

Біздің мектебіміздің оқушылары халықаралық деңгейде өз жетістіктерімен көзге көрініп жүр. Биылғы жылдың шілде айында Греция, Кипр қаласында өткен жарыста биология пәнінен 11 «ә» сынып оқушылары Идрисова Ділда III орынды, Қабылдин Бақытбек II орынды, Қалиев Дархан II орынды иеленіп қайтты. Қазан айында Кіші ғылымдар Академиясының ғ-т-к өткізілген сайыста 9 «ә» сынып оқушысы Түлкібекова Мадина тарих пәнінен II орынға ие болды. Қараша айында үш оқушымыз Кипр, Паралимни қаласына жол тартқан еді. Үшеуі де туған елімізге олжалы қайтты. Олар: 10 «ә» сынып оқушылары Бимағанова Томирис ағылшын тілі пәнінен II орын, Мағжан Тілек тарих пәнінен I орын, 10 «а» сынып оқушысы Қожабеков Рустам физика пәнінен I орынға ие болды. Аты аталған оқушыларды және де пән мұғалімдері Карипжанова А.З, Куватова М.Б, Итемгенов Б.У, Сумбаева А.Қ шын жүректен құттықтаймыз!

Дарынды достарым

2011-2012 оқу жылындағы облыстық жас зерттеушілердің «Зерде» ғылыми жобалар сайысына мектебімізден 54 жұмыс тапсырылған болатын. Іріктеу турынан 23 жұмыс өтті. Соның ішінде 8 жұмыс жүлделі орындарға ие болды. Олар: I орынға ие болғандар Амангелді Олжас биология пәні, жетекшісі Төлекова Б.Қ, Қапанов Санжар, Сағындыков Мейіржан ағылшын тілі, жетекшісі Куватова М.Б, Ильясов Данияр мен Құдайбергенов Тоқмұхамед информатика пәні, жетекшісі Момынов Қ.М. II орын иегерлері Бәкен Даниял қазақ тілі пәні, жетекшісі Бекібаева С.Ғ, Кріспай Ернұр физика пәні, жетекшісі Аятова З.Б. III орын жүлдегерлері Ерсайын Жасмин мен Избасканова Рамина биология пәні, жетекшісі Төлекова Б.Қ, Сәбитова Әлия орыс тілі пәні, жетекшісі ата-анасы, Мұхаметжанова Аружан қазақ тілі пәні, жетекшісі Әбдіжүсіпова Б.Х.

I орынға ие болған оқушылар республикалық сайысқа дайындық үстінде.

Ашжанова Карина 6 «а» сынып оқушысы



Жастар – елдің болашағы

Елдің ертеңі, мемлекеттің қуаты әрдайым жастарға байланысты болады. Жастары білімді елдің болашағы да жарқын болатыны айдан анық. Қазақстанда жастардың жақсы білім алып, бәсекеге қабілетті маман болуы үшін барлық жағдай жасалған.

«Жас дарын» газетінде біз дарынды балалардың жетістіктерін өзгелерге үлгі етіп көрсету арқылы барлық оқушыларды білімді болуға, ғылымды игеруге, өз дарынын дамытуға үндейміз.

Құрметті жас жеткіншектер, өз мүмкіндіктеріңді тиімді пайдаланып, сапалы білім алуға ұмтылыңдар. Ғылым негіздерін игеріңдер, бәсекеге қабілетті болып, алдарыңа үлкен мақсат қойып, табанды болыңдар деген тілегімізді білдіреміз.

«Жас дарын» үн газетінің ұжымы



Жас қалам

«Жас қалам» айдары арқылы мен сіздерге 11 «ә» сынып оқушысы Марат Ахбөпе туралы айтқым келеді. Мектебімізге 10-сыныпта ғана келсе де, бірталай шығармашылық сайыстардың жеңімпазы болып үлгерді. Атап айтқанда, 2010, 2011 оқу жылдарында өткізілген облыстық Мұқағали оқуларының жеңімпазы, облыстық пән олимпиадасында қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен I орын жүлдегері болып, республикада облысымыздың намысы үшін білім додасында өз бағын сынады. «Таза болса табиғат, аман болар адамзат» атты республикалық шығармалар сайысында I орын иегері атанды. Енді осы жылдың 4 желтоқсанында Астана қаласына Премьер Министр К. Мәсімовтің ұйымдастырылуымен өткізілетін жиынға қатысады. Жас ақын Ахбөпенің жүрегінен шыққан өлең жолдарын ұсынамын.

Қазақ болсаң...

Қазақтың ба?
 Қазақ болсаң тыңда бір,
 Қағайын деп отырғам жоқ тың дабыл.
 Аршын қанат қырандарды көріп пе ең,
 Ұшатұғын қомақтанып шыңға кіл.
 Қазақтың ба?
 Қазақ болсаң тік қара,
 Әлді екен деп әлдекімді ықтама.
 Қазақтың өз дәстүрі бар, тілі бар,
 Ол – құдірет, оны төмен ұстама.
 Қазақтың ба?
 Қазақ болу – міндетің!
 Қалмау керек ешқашан да тіл жетім.
 Қазақтың отбасынан басталып,
 Қазақы боп тұру керек келбетің.
 Өз тілінде еркін сөйлей алмаса,
 Мен қазақтың деудің өзі далбаса.

Абай рухы

Бүгін, міне, еңсе тіктеп, елдігім,
 «Тәуелсізбін» деп айтатын келді күн.
 Бүкіл қазақ жасай алмай жүр бүгін,
 Бір Абайдың жасап кеткен ерлігін.
 Ақыл нұры шуақ болып шашырап,
 Ой толғапты Қарауылда жатып-ақ.
 Бүкіл елдің бақытына айналды,
 Ұлы Абайдың басындағы осы бақ.
 Қара сөзі, қара өлеңі қарымды,
 Толғады Абай мұңым менен зарымды.
 Абай сынды дана туған халықтың,
 Ұл-қызы да болу керек дарымды.

Өзің қазақ болғаныңнан не пайда,
 Үй-жараның түгел қазақ болмаса?!
 Қазақ болсаң – болу керек шын қазақ,
 Қазақ халқы қаһарман ғой шын ғажап.
 Ана тілін, ата салтын білмесе,
 Бір қазаққа татымайды мың қазақ!
 Қазақтың ба?
 Қазақ болсаң таза бол,
 Таза қазақ болмағандар – мазақ ол.
 Қазақтың деп қазақ атын қорлама,
 Бір бетіңе қазар болсаң азап-ор.
 Таза қазақ болсаң мақұл жіктеме,
 Бірлігімен қазақ талай шықты өрге.
 Кешегі өткен үш алып би кезінде,
 Бұл қазағым айналған-тын мықты елге.
 Айналайын қазағым-ау, қазағым,
 Өз қаныңды қорлағаның таза мұң.
 Әр төбеге жеке шығам деп жүріп,
 Бір күн соның тартып қалма азабын!

Абай рухы – алға бастар нұрлы үміт,
 Өсиеті, өнегесі – үлгі нық.
 Қазақ тілін қорлайтұғын мәңгүртке,
 Отырамын іштей ауыр қынжылып.
 Асыл жырын жаттаған қызы ем мен,
 Тегім қазақ мың тіріліп, мың өлген.
 Мен қазақтың, деп жаһанға жар салып,
 Абай рухын аспандатып жүрем мен!
 Абайдай алыптарды ардақтайық,
 Жүрекпен сезінейік, сыр сақтайық.
 Шығыста ұлы ақын Абай ғана,
 Достарым, шабыттанып, алға аттайық!

Ана тілі

Ана тілі менің тілім туғаннан,
 Алғашқы рет ес біліп, бет жуғаннан.
 Сен болмасаң өзімді кем санар ем
 Басқа тілде өнер —білім қуғаннан.
 Жасай бер ана тілі қазақтың
 Мен өзіңді сүйетін баламын, қазақпын.

Тұрсынбек Ақ-Ерке,

6 «ә» сынып

Қыс

Қыс та келді суытып,
 Қарды әкеп, мол қылып.
 Алып шығып шаналар
 Қуанышты балалар.
 Анда-мұнда сырғанап,
 Өлек болып барын сап.

Бауыржан Ақерке, 5 «ә» сынып

Қазақстан - болашаққа ұмтылған ел

«Біз бүгінгі бейбіт тірлігіміз үшін, Қазақстан деп аталатын Республика жер бетінде барлығы үшін тарихтың әр тұсында осы елді, осы жерді қорғаған қайсар жандардың аруағының алдында қашанда қарыздармыз»

Н. Ә. Назарбаев

Тәуелсіздік алғаннан бергі жылдар ішінде Қазақстан теңдікті, ішкі және сыртқы саясатты әділ жүргізе отырып, әлемдік бірлестікте абыройлы орынды иеленді. Елбасымыз Н. Назарбаев - ТМД, Еуропа және Азия елдерінің арасында беделді де, мәртебелі басшы-саясаткерлердің бірі. Қазақстан халқының әл-ауқаты, саяси және экономикалық тұрақтылығы, көпұлтты және көпдінді толеранттылығы, заңды рәсімделген шекарасы, көршілес мемлекеттермен жақсы қарым-қатынастар - мұны бәрі Елбасымыз бен халықтың жұмыла бірлесіп қол жеткізген табысы.

Елбасымыздың көрегенді саясатының арқасында, бүгінде Қазақстанды тәуелсіз мемлекет ретінде бүкіл әлем таниды.

Ең қасиетті құндылық Тәуелсіздікке кез келген халықтың қолы жете бермейтінін түсіне білуіміз керек. Тәуелсіз ел ғана өз мемлекеттілігін нық орнықтырып, ұлттық рухын асқақтата алады.

Қазіргі біздің алдымызда тұрған ең маңызды тапсырма тәуелсіздікті одан әрі бекіту, нығайту және болашақ ұрпақтарға баянды етіп тапсыру болса керек. Азаматтары сауатты да білікті, интеллектуалдық потенциалы зор, ішкі бірлігі мен берекесі мықты елге айналсақ, тәуелсіздігіміздің баянды болатынына еш күмән болмасы айдан анық. Тек бірлікті сақтай отырып қана, болашаққа сенімді қадамдар жасай аламыз. Алыс пен жақынды қосатын, бүгінгі мен болашақты жалғайтын- ұлы даңғыл. Тәуекел қайығына мініп, тәуелсіздік даңғылына түскенімізге 20 жыл толып отыр. Ұзақ жылдар бойы жолында қанда, жас та, тер де төгілген тәуелсіздік біздің халқымыз үшін аса қымбат, себебі тәуелсіздік ата-баба рухын көтереді, сөнген мемлекетіміздің отын маздатты, елімізді қатарға қосып, әлемдік қауымға ендірді. Тәуелсіздік -ата тарихымызды, ана тілімізді, дінімізді, даламызды қаз-қаз тұрғызып «Қазақ» деген атауға қан мен жан кіргізді. «Отан» деп жүрегімізді қақтырды, «Елім» деп елеңдетіп, «Жерім»деп желпінтіп, барша 62 тамырымызды игізіп ата-жұртын сүйдірді.

9 «ә» сынып оқушысы Еркінова Әсел

Бетті дайындаған: 7 «ә» сынып оқушысы Молдакәрімова Әлия

Құттықтаймыз!!!

Шаймурат Азамат Боранбайұлы – жоғары білімді, өз пәнін жетік игерген, тәжірибелі ұстаз. Модулдік оқыту және дебат технологияларын пайдалану арқылы оқушылардың танымдық әрекетіне қызығушылық тудыра біледі.



Мектепшілік, қалалық, облыстық, аймақтық іс-шараларға, конференцияларға оқушыларын үнемі қатыстырып қана қоймай, өзі де белсенді қатысады. 2011-2012 оқу жылындағы «Жыл мұғалімі» сайысының ІІ орын иегері атанды. Жаңа өмір талаптарына сай өмірде дұрыс бағыт ұстап, шәкірттерін оқытып, нәтижелерге жеткізіп өзі де шыңдалып, ынталанып, ілгері дамып, жоғары жетістіктерге жете білді. Ұстаздық жолдағы мұндай нәтижелерге терең білім, үлкен жігер, мол еңбек, шынайы шеберлік арқылы ғана қол жеткізуге болады. Бұл жеңіс – Азамат Боранбайұлының жас болса да, үздік ұстаздық қасиетінің айқын дәлелі.

Мектеп ұжымы атынан сізге үлкен алғыс айта отырып, өзіңіз сияқты ғылымның іліміне ие бола алатын, жолыңызды жалғастыратын көп болсын деп тілейміз.

ОЛИМПИАДА ЖЕҢІМПАЗДАРЫН ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!


Оқу жылының басталғанына небәрі үш ай ғана өтсе де, оқушыларымыз биік шыңнан көрініп жатыр. Жаз айынан бері әр түрлі олимпиадаларға қатысып, жеңімпаз атанған төмендегі оқушыларды, пән мұғалімдерін шын жүректен құттықтаймыз! Олар: 1. Халықаралық «Туймада» олимпиадасы

- ❖ Хасанова Әйгерім 11 «а» сынып оқушысы (математика)
 - ❖ Қайырбаев Темірлан 11 «а» сынып оқушысы (информатика)
 - 2. Республикалық астрофизика олимпиадасы
 - ❖ Сабыржан Айжас 10 «а» сынып оқушысы – 2 орын
 - ❖ Бекжанов Әлібек 9 «а» сынып оқушысы - 3 орын
 - 3. Халықаралық астрофизика олимпиадасы
 - ❖ Бекжанов Әлібек 9 «а» сынып оқушысы – 3 орын
 - 4. 7-8 юниорлық олимпиадасы
 - ❖ Меңдібаев Тұрсынжан 7 «а» сынып оқушысы – 3 орын (математика, физика)
 - ❖ Қадыр Әнуар 7 «а» сынып оқушысы-4 орын (физика)
 - 5. 4-6 сыныптар арасында өткізілген Никитенко атындағы математикалық олимпиадасы
 - ❖ Мохаммед –Әли Әмір, 5-сынып оқушысы-3 орын
 - 6. 4 Президенттік олимпиадасы
 - ❖ Қанашева Нұрдана 11 «а» сынып оқушысы- 4 нәтиже (химия)
 - ❖ Ибраев Дәулет- 11 «а» сынып оқушысы- 4 нәтиже (химия).
- Осы оқушыларға бұдан да биік шынды бағындыра беріңіздер деген тілек білдіреміз.

**Білім жолы қиын жол, ойлан бала,
Бар ғаламат шығады ойдан ғана!**

9 ГҮЛ АТАУЫН ТАП.

Л	Ш	Ғ	Қ	А	Р	А	Л	Т	Қ
А	Д	Б	А	Л	Р	Ш	Н	Ы	Ы
Л	К	Г	М	П	Ы	А	Р	Ғ	З
А	Г	Ү	Р	П	Я	Э	С	А	К
Е	Ң	Л	А	У	Ш	У	Ү	Л	М
І	Л	Л	Ә	С	А	Н	Г	Д	А
К	Г	У	Ж	Д	У	А	Ш	Ч	Қ
Т	Ү	Й	М	Б	Қ	Ж	Е	Р	М
Й	Ұ	Ф	Е	Қ	А	З	Ч	Н	Е
Щ	Х	Ц	Д	А	Т	Ы	Н	Р	В



Сөзжұмбақ

1. Қазақ халқының ұннан жасалатын дәстүрлі тағам.
2. Есіл өзенінің бойында орналасқан қала.
3. “Абай жолы” романының авторы.
4. “Мұзға отырғызып кету” тұрақты тіркесінің мағынасы .
5. сөз- жарым ырыс.
6. Физика- табиғат туралы ғылым ретінде “бірінші ұстаз ”атанған гректің ұлы ойшылы.
7. Бала мектепке алғаш барғанда жасалатын той.
8. Алатаудың баурайында орналасқан қала.
9. Ар сөзіне синоним.

								Қ
								А
								З
								А
								Қ
								С
								Т
								А
								Н

ұшақтың жасы нешеде болуы керек?

Логика

Сіз Алматыдан Мәскеуге ұшатын ұшақты жүргізесіз дейік. Бұл ұшақтың жылдамдығы сағатына 150 шақырым болса, қарсы сағатын жел жылдамдығы сағатына 30 шақырымды құрайды. Жол ұзақтығы 550 шақырым. Ұшақ салонында барлығы 24 адам бар. Ұшақ жүргізушісі стюардесса және жолаушылар стюардессаның жасы 22-де. Жолаушылардың жастары 7 мен 48-дің арасында. Сонда

**Құрастырғандар: 7 «ә» сынып оқушылары
Ғазизова Әлия, Болат Айдана, Ускембаев Айдар.**

Ойлан, тап!



РЕБУС

Дұрыс шешкенде, ертегіге қатысты сөз шығады.

8	*	10	*	5	*	10	= 100
5	*	30	*	55	*	10	= 100
10	*	10	*	30	*	2	= 100
2	*	2	*	10	*	60	= 100
= 100		= 100		= 100		= 100	

ОЙЛАН, ТАП!

Математикалық амалдарды пайдаланып (қосу, көбейту) есепті шығарсаңдар, тігінен де, көлденеңінен де 100 санын табасыздар.

Көңіліңіз көтеріңкі жүрсін!!!



Неге бармайсың?

Баласы шешесіне:

-Мен енді мектепке бармаймын!-дейді.

-Неге бармайсың?

-Сол, Асанов таспамен оқ атады, сотқаров оқулықпен басымнан ұрады, тағы біреуі аяғымен шалады... Бармаймын!

-Жоқ, балам, сен қайткенде де баруың керек. Біріншіден, жасың қырықтағы адамсың, екіншіден, сынып жетекшісің, - депті шешесі.

Формула

Мұғалім бір оқушыны тақтаға шығарып:

-Судың формуласын жазып көрсет, -дейді. Ештеңе білмейтін оқушы бір нәрсені шақпақтап жаза салады.

Мұғалім:

-Сен не жаздың, бұл судың формуласы емес, -дейді.

Сонда оқушы еш шімірікпестен:

-Мен лай судың формуласын жаздым, -деген екен.

Сіздерге күлкі сыйлаған: 6 «ә» сынып оқушысы Аманбай Еrsaғын

Хабарландыру Сөзжұмбақтарды шешкен алғашқы 3 оқушыға сыйлығымыз бар. Құрметті оқырмандар, тәуелсіздіктің 20 жылдығына, Жаңа жыл мерекесіне арналған сайыс өткіземіз: сурет салу, өлең шығару, шығарма жазу, сөзжұмбақтар құрастыру.	Жауапты органы: Сырттанова А.Т, Бекібаева С.Ғ. Бас редактор: Букурубова Әйгерім Редакторлар:Төкен Әлімқан Молдакәрімова Әлия Редколлегия:Қалыш Жарқын Кабдрахманова Әдия Корреспонденттер: Қуандық Зере Абдрахманова Әнел Шакратов Елдос Фотокорреспондент: Медетбекова Қаламқас, Сәрсекеева Айжан.
---	---